

## Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін бекіту туралы

### *Күшіні жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы N 62 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 626 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 626 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;
- 2) Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;
- 3) Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдері бекітілсін.

Ескерту. Кіріспеге және 1 тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен;

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі осы қаулыны іске асыру үшін қажетті шараларды қабылдасын.

3. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2002 жылғы 19 қаңтардағы  
N 62 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өту және рұқсат құжаттарын беру ережесі**

Ескерту. Ереже алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 19 қаңтардағы  
N 62 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алым ставкалары**

Ескерту. Ставкалары алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2008.12.31 N 1345 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 19 қаңтардағы  
N 62 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдері**

**1. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдері**

1. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген көлемдік өлшемдері мен басқа да сызықтық мөлшерлері төменде келтірілген мәндерден (метрмен) аспауы тиіс:

1) рұқсат етілген ұзындығы:	
жүк автомобилі	12
тіркеме	12
екі білікті автобустар	13,5
екі біліктен артық біліктері бар автобустар	15
буындастырылған автобус	18
буындастырылған автокөлік құралы	24

автопоездар		24;
2) рұқсат етілген	ені:	
барлық автокөлік құралдары		2,55;
автокөлік құралдарының изотермиялық қораптары		2,6;
3) рұқсат етілген	биіктігі:	
барлық автокөлік құралдары		4,0.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.06 N 1406 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

2. Осы бөлімнің 1-тармағында көрсетілген автокөлік құралдарының рұқсат етілген мөлшерлері өзіне контейнерлерді қоса алғанда, алынатын қораптардың және жүктерге арналған ыдыстардың өлшемдерін қамтиды.

3. Қозғалыс кезінде автокөлік құралы, сыртқы радиусы 12,5 метрмен және ішкі радиусы 5,3 метрмен шектелген кеңістік шегінде бұрылу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4. Тіркеу құрылғысы ілмегінің білігі мен біріктірілген автокөлік құралының артқы жағы арасындағы рұқсат етілген ара қашықтық 12 метрден аспауы тиіс.

5. Сүйрегіштің артқы жағы мен тіркеменің алдыңғы жағы арасындағы ара қашықтықты шегергенде, қораптың немесе кабинаның сыртындағы жүкті орнатуға арналған платформаның алдыңғы сыртқы нүктесінен тіркеменің артқы сыртқы нүктесіне дейін, автопоездың бойлық білігіне қатар өлшенген, рұқсат етілген ара қашықтық 17 метрден аспауы тиіс.

6. Қораптың немесе кабинаның сыртындағы жүкті орнатуға арналған платформаның алдыңғы сыртқы нүктесінен жартылай тіркеменің артқы сыртқы нүктесіне дейін автопоездың бойлық білігіне қатар өлшенген, рұқсат етілген ара қашықтық 16,4 метрден аспауы тиіс.

7. Автокөлік құралының қорабында орнатылған жүк автомобильдің немесе тіркеменің артқы сыртқы нүктесінен тысқары 2 метрден артық шықпауы тиіс.

8. Жүк автомобилінің артқы білігі мен тіркеменің алдыңғы білігі арасындағы ара қашықтық 3 метрден кем болмауы тиіс.

9. Жартылай тіркеменің топсалы бекітпесінің білігі мен жартылай тіркеменің алдыңғы жағының кез келген нүктесі арасындағы көлденең өлшенген ара қашықтық 2,04 метрден аспауы тиіс.

10. Автокөлік құралының ұзындығын өлшеген кезде, автокөлік құралында орнатылған мынадай құрылғылар ескерілмейді:

- әйнектерді тазартуға арналған құрылғылар мен кірқалқандар;
- алдыңғы бетіндегі және бүйіріндегі таңбалаушы тілімшелер;
- пломбылау үшін құрылғылар мен оларға арналған қорғағыш құралдар;

брезентті бекіту үшін құрылғылар мен оларға арналған қорғағыш құралдар;  
электр жарығына арналған жабдықтар;  
артқы шолу айналары мен автомобильдің артын шолу үшін құралдар;  
а у а р н а т ү т і к ш е л е р і ;  
тіркемелермен және алынғыш қораптармен біріктіру үшін клапандар мен  
алмалы-салмалы құрылғылардың ұзындықтары;  
қорапқа міну үшін сатылар, қосалқы автомобиль дөңгелекқабы үшін көтергіш;

жұмыс жағдайында 200 миллиметрден аспайтын және жасап шығарушы  
орнатқан автомобильдің шекті жүк тиеу салмағын ұлғайтпайтындай етіп  
орындалған көтергіш платформалар, міну үшін сатылар және өзге де ұқсас  
ж а б д ы қ т а р .

11. Автокөлік құралының биіктігін өлшеген кезде автокөлік құралында  
о р н а т ы л ғ а н :

а н т е н н а л а р ;

көтерілген қалыптағы пантограф ескерілмеуі тиіс.

Осьті көтеруге арналған құрылғысы бар автокөлік құралдары үшін осы  
құрылғының ықпал етуінің әсері ескерілуі тиіс.

12. Автокөлік құралының енін өлшеген кезде автокөлік құралында орнатылған  
мынадай құрылғылар ескерілмейді:

пломбылар, мөрлер үшін құрылғылар мен оларға арналған қорғағыш  
қ ұ р а л д а р ;

брезентті бекіту үшін құрылғылар мен оларға арналған қорғағыш құралдар;  
автомобиль дөңгелекқабының зақымдалуын анықтау үшін құрылғылар;  
кірқалқандардың шығып тұрған бөліктері;  
ж а р ы қ т а н д ы р у ж а б д ы қ т а р ы ;

жұмыс жағдайында көлік құралының әрбір жағынан 10 миллиметрден артық  
шықпайтын, сатылардың алға немесе артқа қараған бұрыштары 5 миллиметрден  
аспайтын, ал олардың жиектері - 2,5 миллиметрден аспайтын дөңгелену радиусы  
бар сатылар, аспалы платформалар мен өзге де ұқсас жабдықтар;

а р т т ы ш о л у а й н а л а р ы ;

шиналардағы қысымды өлшеу индикаторлары;

көліктік қалыпта кіргізілетін немесе жиналатын сатылар немесе баспалдақтар;

автомобиль дөңгелекқабының жолдың бетімен түйісу нүктесінен шығып  
тұрған қисық бөлігі.

## **2. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген салмақтары**

13. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген салмақтары төменде келтірілген  
мәннен (тоннамен) аспауы тиіс:

1) жеке автокөлік құралдары:	
екі білікті	18
үш білікті	25
төрт білікті	32
бес білікті	38
алты және одан да көп білікті	44
әуе немесе оған балама аспасы бар автокөлік құралдарының рұқсат етілген салмағы	бір тоннаға ұлғаяды;
2) құрамдастырылған автокөлік құралының бөлігін құрайтын автокөлік құралдары:	
екі білікті тіркеме	18
үш білікті тіркеме	24
төрт білікті тіркеме	32;
3) құрамдастырылған автокөлік құралдары:	
ершікті автопоездар:	
екі білікті жартылай тіркемесі бар екі білікті тартқыш	36
үш білікті жартылай тіркемесі бар екі білікті тартқыш	38
екі білікті жартылай тіркемесі бар үш білікті тартқыш	38
үш білікті жартылай тіркемесі бар үш білікті тартқыш	38
төрт білікті жартылай тіркемесі бар үш білікті тартқыш	44
төрт білікті жартылай тіркемесі бар төрт білікті тартқыш	48;
4) автобустар:	
екі білікті	18
үш білікті	24
топсамен буындастырылған үш білікті	28
топсамен буындастырылған төрт білікті	28.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.06 N 1406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

### 3. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген білікке түсетін жүктемелері

14. Автокөлік құралдарының рұқсат етілген біліктік жүктемелері төменде келтірілген мәндерден (тоннамен) аспауы тиіс:

1) дара білік үшін (жақын орналасқан біліктердің арасындағы арақашықтық 2,0 метрден асқан кезде) 10;

2) бір қатарлы доңғалақтары бар жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, автобустың, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қосарланған біліктері үшін біліктік салмақтарының сомасы біліктер арасындағы

мынадай	арақашықтықтарда:
0,5 метрден 1 метрге дейін	12,0
1 метрден 1,3 метрге дейін	14,0
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	16,0
1,8 метрден 2 метрге дейін	17,5-ден аспауы тиіс;

3) қос қатарлы доңғалақтары бар жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, автобустың, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қосарланған біліктері үшін біліктік салмақтарының сомасы біліктердің арасындағы мынадай

мынадай	арақашықтықтарда:
0,5 метрден 1 метрге дейін	14,0
1 метрден 1,3 метрге дейін	16,0
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	16,5
1,8 метрден 2 метрге дейін	18,0-ден аспауы тиіс;

4) бір қатарлы немесе қос қатарлы доңғалақтары бар жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, автобустың, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қосарланған бір көтеру (ленивтік) білігі үшін біліктік салмақтарының сомасы біліктердің арасындағы мынадай арақашықтықтарда:

0,5 метрден 1 метрге дейін	11,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	13,5
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	15,5
1,8 метрден 2 метрге дейін	17,5-ден аспауы тиіс;

5) бір қатарлы доңғалақтары бар жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қосарланған үштік білігі үшін біліктік салмақтарының сомасы біліктердің арасындағы мынадай

мынадай	арақашықтықтарда:
0,5 метрден 1 метрге дейін	16,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	19,5
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	22,5
1,8 метрден 2 метрге дейін	24,5-ден аспауы тиіс;

6) қос қатарлы доңғалақтары бар жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, тіркемелердің немесе жартылай тіркемелердің қосарланған үштік білігі үшін біліктік салмақтарының сомасы біліктердің арасындағы мынадай

мынадай	арақашықтықтарда:
0,5 метрден 1 метрге дейін	17,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	21,0
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	24,0
1,8 метрден 2 метрге дейін	26,5-ден аспауы тиіс;

7) бір қатарлы доңғалақтары бар, біліктерінің саны үштен асатын жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, тіркемелер мен жартылай

тіркемелер, сондай-ақ сабақтас тіркемелер мен жартылай тіркемелер үшін біліктік салмағының сомасы біліктердің арасындағы мынадай арақашықтықтарда :

0,5 метрден 1 метрге дейін	5
1 метрден 1,3 метрге дейін	6,10
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	7
1,8 метрден 2 метрге дейін	7,5

болғанда, әрбір білікке түсетін жүктемеден аспауы тиіс;

8) қос қатарлы доңғалақтары бар, біліктерінің саны үштен асатын жүк, арнайы бейімделген және арнаулы автомобильдердің, тіркемелер мен жартылай тіркемелер, сондай-ақ сабақтас тіркемелер мен жартылай тіркемелер үшін біліктік салмағының сомасы біліктердің арасындағы мынадай арақашықтықтарда :

0,5 метрден 1 метрге дейін	5,5
1 метрден 1,3 метрге дейін	6,5
1,3 метрден 1,8 метрге дейін	7,5
1,8 метрден 2 метрге дейін	8

болғанда, әрбір білікке түсетін жүктемеден аспауы тиіс.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.11.06 N 1406 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

14-1. Осы автокөлік құралының ең жақын білігіне дейін 2,0 метрден асатын арақашықтықта орналасқан білік автокөлік құралының дара білігі деп есептеледі.

**Ескерту. 3-бөлім 14-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.11.06 N 1406 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

15. Автомобильдің немесе құрамдастырылған көлік құралдарының жетекші білігіне немесе жетекші біліктеріне берілетін салмақ автомобильдің немесе құрамдастырылған көлік құралының жиынтық салмағының 25%-нан кем болмауы тиіс.

16. Салмақтық жүктемелер уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша жол төсемінің алып жүру қабілеті төмен учаскелерінде ауа райы-климаттық жағдайларға байланысты азайтылуы мүмкін.

17. Автокөлік құралдарының салмақтық және көлемдік өлшемдерін анықтаған кезде өлшегіш жабдықтардың белгіленген қателіктерін ескереді.

Бұл ретте қателік тасымалдаушының пайдасына шешіледі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 19 қаңтардағы

бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасында халықаралық автомобиль тасымалын дамыту мен ұйымдастыруды жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 26 сәуірдегі № 557 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., № 14, 169-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы № 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 38-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., № 35, 327-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуі үшін алынатын алымдар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы № 1397 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автокөлік құралдарының жүріп өтуін реттеудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы № 643 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., № 22, 219-құжат) 2-тармағының 1) және 3) т а р м а қ ш а л а р ы .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 шілдедегі № 1125 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., № 31, 379-құжат) 1 - т а р м а ғ ы .

6. "Қалжат" өткізу пункті туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 желтоқсандағы № 1897 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., № 55, 612-құжат) 1-тармағының 2) тармақшасы.

7. "Қапланбек" өткізу бекетін ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 мамырдағы № 669 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., № 19, 234-құжат) 1-тармағы.